



Автор: Досбаева Оразкүл Нұрланбекқызы

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Дені саудың - жаны сау

Тақырып: Жұрнақ пен жалғау

Сабақтың мақсаты:	Жұрнақ пен жалғауды ажырата білуге дағдыландыру. Жаттығуларды толық меңгерту. Сөздік қорын, тіл байлығын дамыту.
Күтілетін нәтиже:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Бағалау критерийлері:	-жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. -жұрнақ пен жалғауды ажыратады.
Бастапқы білім:	Түбір мен қосымша
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.
Тілдік мақсат	Сұрақ-жауап, баяндау, әңгімелеу

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	1. Ұйымдастыру кезеңі Топтарға бөлу. «Дені саудың-жаны сау» 1-топ: Ауа. 2-топ: Күн. 3-топ: Су 4-топ: Жер Әр топ өз атауын қорғайды. (Ағылшынша атаулары) Ауа – air – воздух Күн – sun – солнце Су – water – вода Жер – land – земля Психологиялық ахуал қалыптастыру: Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз, Құрметпенен сіздерге, Бас иеміз біз. 2. Үй тапсырмасы. Конверттегі сұрақ (әр топқа сұрақтар беріледі) - Түбір сөз дегеніміз не? - Омоним сөздер дегеніміз не? - Қосымша дегеніміз не? - Синоним сөздер дегеніміз не? - Жұрнақ дегеніміз не? - Антоним сөздер дегеніміз не? - Жалғау дегеніміз не? - Сөз дегеніміз не? Мысалдар келтіру.	Топқа бөлінеді.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар																				
Жаңа білім	Білу және түсіну Ауа, күн, су, жер сөздеріне қосымшалар жалғау. Ауа-сыз, күн-шіл, су-лық, жер-шіл т.с.с. Оқулықпен жұмыс. 77-жаттығу. Мәтінді оқып, Жұмбақшалдың не дегенін болжап айт. - Ауа, су, күнді «Сиқырлы» деп атауға бола ма? Неге? Түйінді сөз: Жер, су, күн, ауаның адам денсаулығы үшін маңызы зор. Адам спортпен шұғылданып, суға шомылып, күнге қыздырынып, пайдалы тағамдарды қолданып жүрсе денсаулығы мықты болады. 78-жаттығу. Өлеңді қатесіз жазып, қарамен берілген сөздердегі жұрнақ пен жалғауды тиісті белгімен белгілеу. Байлық (1-топ), бабаң (2-топ), жолын (3-топ), шахтан (4-топ). Дескриптор: 1. Мәтінді оқып, Жұмбақшалдың не дегенін болжап айтады. 2. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріне сұрақтар қояды.	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқулықпен жұмыс.																				
Сабақтың ортасы	Қолдану Ойын «Артығын тап». <table><tr><td>1-топ:</td><td>2-топ:</td><td>3-топ:</td><td>4-топ.</td></tr><tr><td>Асхана</td><td>Балықшы</td><td>Достар</td><td>Дәрігер</td></tr><tr><td>Аспаз</td><td>Балықпен</td><td>Достық</td><td>Дәріні</td></tr><tr><td>Астың</td><td>Балықтар</td><td>Досым</td><td>Дәрінің</td></tr><tr><td>Астық</td><td>Балықтың</td><td>Досыңыз</td><td>Дәріден</td></tr></table>	1-топ:	2-топ:	3-топ:	4-топ.	Асхана	Балықшы	Достар	Дәрігер	Аспаз	Балықпен	Достық	Дәріні	Астың	Балықтар	Досым	Дәрінің	Астық	Балықтың	Досыңыз	Дәріден	Оқулық, плакат, түрлі-түсті маркерлер.
1-топ:	2-топ:	3-топ:	4-топ.																			
Асхана	Балықшы	Достар	Дәрігер																			
Аспаз	Балықпен	Достық	Дәріні																			
Астың	Балықтар	Досым	Дәрінің																			
Астық	Балықтың	Досыңыз	Дәріден																			
Сергіту сәті	Сергіту сәті "Ұзын құлақ, сұр қоян"	Қимылмен көрсету.																				
Сабақтың ортасы	Топтық жұмыс. Постер қорғау. 1-топ: бір түбірден шыққан бірнеше сөз ойлап жазу. Оқу < Егін< Ойын< 2-топ: сызба бойынша сөздер құрастырып жазу. 5e4974bfabe2d.png Image not found or type unknown 3-топ: артық сөзді тауып, сол сөздермен сөйлем құрастыру. а) Өнер, өнерпаз, әнші, өнерлі. ә) Еңбекте, еңбекші, еңбекқор, орман. б) Білім, оқушы, білімді, білгіш. 4-топ: Венн диаграммасы. 5e4974e096fc5.png Image not found or type unknown Мысал келтіру. 80-жаттығу. Сөздерді жұрнақ жалғау арқылы өзгертіп жаз. Ішіне - сыртына. Ішіне жұрнақты сөздерді, сыртына жалғаулы сөздерді жазу. Іс, орын, талап, көл, қобыз. Керекті жұрнақтар: -шік, -шы, -кер, -дық, -ты. Дескриптор: 1. Топтық жұмысты орындайды. 2. Жұрнақ пен жалғауды ажыратып жазады.	Постер қорғау.																				
Сабақтың соңы	Тест. Әр топқа: - Жалғауы бар сөзді көрсет. - Жұрнағы бар сөзді көрсет. - Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшаны көрсет. - Түбірдің мағынасын өзгертетін қосымшаны көрсет. Дескриптор: Жұрнақты және жалғаулы сөздерді, түбір мен қосымшаны ажыратады.																					

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Кері байланыс	- Мен бүгін не білдім/ үйрендім? - Сабақта мен өзімді қалай сезіндім? - Мен үшін не ең қызық болды? - Мен кешегі күнмен салыстырғанда өстім бе?	
Бағалау .Рефлексия-лық шеңбер	Image not found or type not found or type unknown Жақсы жауап бергендерге - Қызыл гүл. Орташа - Сары гүл Төмен - Жасыл гүл.	Бағалау парақшасы
Үйге тапсырма	33 бет, 79-жаттығу, ереже.	